


CEN TEK®

ПАЙДАЛАНУШЫ
НҰСҚАУЛЫҒЫ

БАТЫРМАЛЫ
БЛЕНДЕР
СТ-1319

ҚУАТТЫЛЫҚ-САПА-ДИЗАЙН



4814729

МАЗМҰНЫ

1. Қауіпсіздік шаралары
2. Құралдың сипаттамасы
3. Жиынтықтылық
4. Жұмыс тәртібі
5. Аспапқа күтім жасау
6. Техникалық сипаттамалар
7. Қоршаған ортаны қорғау, аспапты кәдеге жарату
8. Сертификаттау туралы ақпарат, кепілдікті міндеттемелер
9. Өндіруші және импорттаушы туралы ақпарат

Құрметті тұтынушы!

«Centek» ТМ өнімін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз және оны пайдалану ережелерін сақтай отырып, осы өнімнің мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береміз.

Өтінеміз, пайдаланар алдында аспапты дұрыс және қауіпсіз пайдалану туралы маңызды ақпараты бар осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз. Аспапты тікелей мақсатында пайдаланбаған жағдайда және осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер мен шарттар сақталмаған кезде, сондай-ақ аспапты білікті емес жөндеуге әрекет жасалған жағдайда өндіруші жауапты болмайды.

Егер аспапты қолдану үшін басқа тұлғаға беруді қаласаңыз, оны осы нұсқаулықпен бірге беруіңізді сұраймыз.

Батырмалы блендер тұрмыстық аспап болып табылады және өнеркәсіптік мақсаттарда қолдануға арналмаған!

1. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіз сатып алған аспап Ресей Федерациясында электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Өмір мен денсаулық үшін қауіпті жағдайлардың туындауын, сондай-ақ аспаптың мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмау үшін, төменде аталған шарттарды қатаң түрде сақтау қажет:

- аспапты қатаң түрде тағайындауы бойынша қолданыңыз;
- пайдалануды бастаудың алдында өнімнің көрсетілген техникалық сипаттамалары электр желісінің параметрлеріне сай келе ма тексеріңіз;
- аспапты тек тұрмыстық мақсатта ғана қолданыңыз;
- егер желілік шнур үшкір қырлары бар заттардың жиегіне тиіп тұрса, қандай да бір затпен басылып немесе байланып қалса, оны тартпаңыз;
- желілік шнурды төсеменіз және аспаптың өзін жоғары ылғалдылықты жерде, ыстық беткейлерде, жылу бөлетін аспаптарға немесе ашық оттарға жақын жерге қоймаңыз;
- жұмыс уақытында айналушы саптамаларға қолмен немесе басқа заттармен тиіспеңіз!
- аспапты жеткізілім жиынтығына кіретін саймандармен ғана қолданыңыз;
- бір уақытта тек бір түрдегі саптамаларды ғана орнатыңыз;
- ыстық сұйықтықтармен жұмыс кезінде аса сақ болыңыз;
- ұзын шаштар мен киіміңіздің бөлшектері жұмыс істеп тұрған аспаптың үстінде салақтап тұрмауын қадағалаңыз;
- блендерді үздіксіз 5 минуттан артық қолданбаңыз.

Қатты тағамдармен мысалы, қатырылған сары маймен, жұмыс кезінде аспапты пайдаланбаңыз. Тұтқыр тағамдармен жұмыс кезінде қозғалтқыш күйіп кетуі мүмкін.

Блендерді қолданбаған жөн, егер:

- желілік сым зақымдалса;
- аспапта көзге көрінетін зақымдану болса;
- аспап биіктіктен құласа;
- аспапқа ылғал тиген болса.

Балалардың құралмен ойнауына жол бермеңіз!

Балаларға, сезу мүшелерінің қабылдау төмендеген тұлғаларға, сондай-ақ, жеткілікті білімі жоқ тұлғаларға, ешқандай жағдайда тұрмыстық аспапты өздігінен пайдалануға болмайды!

Егер блендер қолданылмаса, оның өшіріліп тұрғанына көз жеткізіңіз!

Миксерді тазалау үшін абразивті немесе коррозия тудыратын заттарды қолданбаңыз.

Аспапты 0 °C төмен және 35 °C жоғары температура кезінде қолданбаңыз. Айыршаны электр желісінде ұстамаңыз, егер:

- аспап дұрыс жұмыс істемей тұрса (қатты шу, діріл және т.б.);
- тазалау уақытында;
- әрбір пайдалануға дейін және кейін.

Аспапты желілік баусымнан тартпаңыз және тасымалдамаңыз.

Аспапқа қызмет көрсетер алдында, сондай-ақ егер аспап дұрыс жұмыс істемей тұрса (қатты шу, бөтен иіс және т.б.) аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Аспапты электр желісінен желілік сымды жұлқып тартпаңыз және айыршаны электр желісінің розеткасынан дымқыл қолмен суырмаңыз.

Электр желісінен суыратын кезде жылдамдықтың ажыратып-қосқышы СӨНД күйінде тұрғандығына көз жеткізіп алыңыз. Қуаттау сымынан тартпаңыз, айыршаны қолмен ұстап тартыңыз. Қауіптілікті болдырмау үшін қуаттандыру баусымы зақымданған кезде, оны ауыстыруды өндіруші немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығына немесе оған ұқсас білікті қызметкерлер жүргізуі тиіс.

Аспапты өздігіңізден жөндеуге немесе қандай да бір бөліктерін алмастыруды жүргізуге тырыспаңыз. Кемшіліктер табылған жағдайда жақын жердегі сервистік орталыққа жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Электр тоғымен зақымдалу қаупі!

Миксерді ағын сумен жумаңыз және оның қуаттау сымын суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Егер мұндай жағдай болса дереу оны электр желісінен ажыратыңыз, оны толықтай құрғатыңыз және жақын жердегі сервистік орталықта оны тексертіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Жарақат алу қаупі! Ешқашан айналып тұрған саптамаларды жалаңаш қолмен ұстамаңыз, саптамаларды ауыстыруды тек қозғалтқыш толығымен тоқтағаннан кейін жүргізу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Өрт қаупі! Ешқашан аспаптың жеңіл тұтанатын және жанғыш материалдармен жанасуын болдырмаңыз.


Желілік сымның немесе құрылғының басқа қандай да бір зақымдалуы

кезінде оны дереу электр желісінен ажыратыңыз және өндірушінің қызмет көрсету орталығына жүгініңіз. Аспаптың құрылғысына білікті емес араласу немесе осы нұсқаулықта тізімделген аспапты пайдалану ережелерін сақтамау жағдайында кепілдік жойылады.

2. ҚҰРАЛДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

- Осы блендердің негізгі сипаттамалары
- Екі жылдамдық режимі
- TURBO режимі
- Блендерлік саптама
- Ілуге арналған ілгіш

1. Корпусы
2. Қосу батырмасы
3. TURBO режимінің батырмасы
4. Блендерлік саптама



3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

- 1) блендер (1 дана).
- 2) алынбалы саптама (1 дана) /1
- 3) пайдаланушы нұсқаулығы (1 дана.)

4. ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ

Блендерді желіге қосар алдында Сіздің қолыңыздың құрғақ екеніне әбден көз жеткізіңіз! Блендерде алғаш рет қолданар алдында саптамасын мұқият жуыңыз.

Блендер тағамдық өнімдерді ұсақтау және араластыру үшін арналған. Блендердің қызып кетуін болдырмас үшін 70 °C температурасынан артық ыстық өнімдерді ұсақтамаңыз.

- Блендерлік саптаманы шертілгенге дейін бұрай отырып, корпусқа орнатыңыз.
- Аспапты электрлік қуат көзі желісінен ажыратыңыз. Тағамның шашырап кетуін болдырмас үшін саптаманы блендерді қоспай тұрып тағамға батырып алыңыз.

- Ыдысты мықтап ұстап тұрып қосу батырмасын басыңыз. Корпус пен саптаманың арасындағы жалғағыштан төмен деңгейде блендерді батыруға тиым салынады.
- Жұмыс уақытында блендерді жоғары және төмен жылжытыңыз.
- Жұмыс аяқталғаннан соң саптаманы ажыратпас бұрын блендерді электр желісінен суырыңыз!
- Блендерді үздіксіз 1 минуттан артық қолдану ұсынылмайды!
- Саптамаларды шешер алдында, жинарда, бұзарда және пайдаланудан үзілістер кезінде аспапты электр желісінен суырыңыз.

5. АСПАПҚА КҮТІМ ЖАСАУ

Аспапты тазалаудың алдында оны электр желісінен суырып қойыңыз!
Пышақтардың жүзін ұстауға тиым салынады.

Кейбір тағамдар, мысалы қызылша және т.б. пластик беткейлерінде дақ қалдыруы мүмкін. Оларды өшіру үшін рапс майына малынған матаны пайдаланыңыз.

Суға аздаған мөлшердегі жуғыш затын тамызып ыдысқа құйыңыз, блендердің саптамасын суға батырыңыз және оны қысқа уақытқа қосыңыз. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз және оны құрғақ етіп сүртіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Өр пайдаланудан кейін саптаманы мұқият жуып отырыңыз!
АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Пышақтың жиектері өткір!

6. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

- қуаттау кернеуі: 220-240 В ~ 50 Гц; I
- ең жоғары қуаттылық: 400 Вт;
- желілік сымның ұзындығы: 1.15 м. ‘-



7. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, АСПАПТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қаптама, аспаптың өзі қайта қолданылуы мүмкін материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, жою кезінде оларды қайта қолданылатын материалдарға арналған контейнерге лақтырыңыз.

АСПАПТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Аспап қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, әдеттегі тұрмыстық қалдықтан бөлек жойылуы мүмкін. Оны электрондық аспаптар және электрлік аспаптарды қайта өңдеуге қабылдаудың арнайы пунктіне тапсыруға болады.

Материалдар олардың жіктеліміне сәйкес қайта өңделеді. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін осы аспапты қайта өңдеуге тапсырып, Сіз қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосасыз. Электрондық аспаптар мен электрлік аспаптарды қайта өңдеуге қабылдау пункттерінің тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан ала аласыз.

8. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес сертификатталған.

Сіз сатып алған аспап Ресей Федерациясында электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

Ресей Федерациясының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералды Заңының 5-бабының 2-тармағы тәртібінде Өндіруші белгілеген осы өнім үшін қызмет ету мерзімі, өнім осы пайдалану нұсқауларына және қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес қатаң түрде қолданылған жағдайда, өндірілген күнінен бастап 3 жылды құрайды. Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 таңбалар — жыл, 4 және 5 таңбалар — өндірілген айы). Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін ең жақын авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз. Кепілдік және

кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету «Ларина-Сервис» ЖШҚ Краснодар қ., бас сервистік орталығымен жүргізіледі. Тел.: 8 (861) 2-600-900.

Қалаңызда сервистік орталықтың болуы туралы ақпаратты көрсетілген телефон бойынша

немесе **www.centek.ru**. сайтынан біле аласыз.

Өнім сәйкестік сертификатына ие:

№ TC RU C-CN.АЛ16.В.27830 21.08.2017 г жылдан



Өнім сертификатталған және талап етілген барлық еуропалық стандарттарға сәйкес келеді

9. ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ ИМПОРТТАУШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

РФ аймағына импорттаушы: ЖК Асрумян К.Ш.

Мекен-жайы: Ресей, 350912, Краснодар қ., Пашковский қтп, Атаман Лысенко көш, 23.

Тел.: 8 (861) 2-600-900.

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ

«Centek» ТМ техникасын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз және сіз сатып алған аспаптың пайдалану ережелерін сақтай отырып, оның жоғары сапасына кепілдік береміз.

Барлық аспаптарға кепілдік мерзімі сатып алынған күннен бастап 12 ай. Өндіруші, осы кепілдік талонымен осы аспаптың жарамдылығын растайды, және өндірушінің кінәсінен туындайтын барлық ақаулықтарды тегін жою бойынша міндетті өзіне жүктейді.

Кепілдікті жөндеу Краснодар қ., Демус көш., 14 үй мекенжайы бойынша орналасқан өндіруші «Ларина-Сервис» ЖШҚ авторландырылған сервистік орталығында жүргізілуі мүмкін. Тел.: 8 (861) 2-600-900.

КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ:

1. Кепілдік рәсімдеудің келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- егер сатушы компанияның мөрі және кепілдік талонындағы сатушы өкілінің қолы, әр жыртылатын купондағы мөрлер, сатып алушының қолы болса, үлгісінің атауын, оның сериялық нөмірін, сату күнін көрсете отырып, өндірушінің түпнұсқа кепілдік талонын дұрыс және нақты толтыру.

Өндіруші жоғарыда аталған құжаттар ұсынылмаса немесе олардың ішіндегі ақпарат толық емес, түсініксіз, қарама-қайшы болса, кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

2. Кепілдік пайдаланудың келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- аспапты пайдалану нұсқаулығына қатаң сәйкестікте қолдану;
- қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау.

3. Кепілдікке аспапқа мерзімді қызмет көрсету, тазарту, орнату, иесінің үйінде теңшеу кірмейді.

4. Кепілдік келесі жағдайларға таралмайды:

- механикалық зақымдануларға;
- аспаптың табиғи тозуы;
- пайдалану шарттарын сақтамау немесе иесінің қате әрекеттері;
- қате орнату, тасымалдау;
- дүлей апаттар (найзағай, өрт, су басу және т.б.), сондай-ақ сатушы мен өндірушінің бақылауынан тыс басқа себептер;

- аспаптың ішіне бөтен заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
- уәкілетсіз тұлғалармен жөндеу немесе құрылымдық өзгерістер енгізу;
- аспапты кәсіби мақсаттарда қолдану (жүктеме тұрмыстық қолдану деңгейінен асып кетеді), аспапты Мемлекеттік техникалық стандарттарға сәйкес келмейтін қуаттайтын телекоммуникациялық және сымдық желілерге қосу;
- егер оларды ауыстыру конструкцияда көзделсе және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, төменде аталған бұйым жабдықтарының істен шығуы:

а) қашықтан басқару пультері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері (батареялар), сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;

б) шығын материалдары және аксессуарлар (қаптама, тыстар, белдіктер, сөмкелер, торлар, пышақтар, шыны сауыттар, төрелкелер, түпқоймалар, шілтерлер, ұршықтар, құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, саптамалар, шаң жинауыштар, сүзгілер, иіс сіңіргіштер).

- батареядан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - қолайсыз немесе тозған батареялармен жұмыс істеу;
- аккумулятордан жұмыс істейтін аспаптар үшін - аккумуляторды зарядтау және аздап зарядтау ережелерін бұзумен туындаған кез келген зақымданулар.

5. Осы кепілдік, өндіруші тарапынан қолданыстағы заңнама белгілеген тұтынушының құқықтарына толықтырма ретінде ұсынылады және оларды ешбір жағдайда шектемейді.

6. Өндіруші, «Centek» ТМ өнімі адамдарға, үй жануарларына, тұтынушының және (немесе) өзге үшінші тұлғалардың мүлкіне тікелей немесе жанама келтірген ықтимал зиян үшін, егер бұл бұйымды пайдалану, орнату қағидалары мен шарттарын сақтамау нәтижесінде болған жағдайда; тұтынушының және (немесе) өзге үшінші тұлғалардың қасақана және (немесе) абайсызда жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі), еңсерілмейтін күш жағдайлардың әрекеттері үшін жауапты болмайды.

7. Сервистік орталыққа жүгінген кезде бұйымды тек таза күйінде қабылдайды (аспапта азық-түлік қалдықтары, шаң-тозаң және басқа ластанулар болмауы тиіс).

Өндіруші алдын ала хабарламай, аспаптың дизайны және сипаттамаларын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Өнімнің қызмет ету мерзімі, өнім осы пайдалану нұсқаулығына және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылған жағдайда өндірілген күннен бастап үш жылға тең. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз. Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 таңбалар — жыл, 4 және 5 таңбалар — өндірілген айы).

www.centek.ru

ҚУАТТЫЛЫҚ·САПА·ДИЗАЙН